

Баспасөз хабарламасы

Астана қ., 9 қыркүйек 2026 жыл

«ҚазТрансОйл» АҚ 2026 жылдың 8 айында мұнай тасымалдау көлемін ұлғайтты

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның 2026 жылдың 8 айындағы мұнайды тасымалдау және мұнай өнімдерін ауыстырып тиеудің шоғырландырылған көлемі 31 млн 890 мың тоннаны құрады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4%-ға артық.

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы 30 млн 639 мың тонна мұнай тасымалданды, бұл 2025 жылдың 8 айындағы көрсеткіштен 4%-ға жоғары.

Есепті кезеңде «ҚазТрансОйл» АҚ бойынша мұнайдың шоғырландырылған жүк айналымы 30 млрд 546 млн тонна-километрді құрап, 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2%-ға артты.

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі бойынша мұнайдың жүк айналымы 23 млрд 696 млн тонна-километрді құрады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 1%-ға жоғары.

«ҚазТрансОйл» АҚ магистральдық мұнай құбырлары жүйесі арқылы Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттарына мұнай жеткізу көлемі 12 млн 087 мың тоннаны құрады, оның ішінде:

- «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС-не – 3 млн 567 мың тонна;
- «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС-не – 3 млн 664 мың тонна;
- «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС-не – 4 млн 316 мың тонна;
- «СП «CASPI BITUM» ЖШС-не – 540 мың тонна мұнай жеткізілді.

Есепті кезеңде «Өзен – Атырау – Самара» магистральдық мұнай құбырының «Атырау – Самара» учаскесі бойынша мұнай тасымалдау көлемі 6 млн 922 мың тоннаны құрады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 2%-ға артық.

ТОН-2 мұнай құбыры учаскесі бойынша 2026 жылдың 8 айында 8 млн 145 мың тонна мұнай тасымалданды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5%-ға жоғары.

«Атасу – Алашаңқай» магистральдық мұнай құбырына 7 млн 602 мың тонна мұнай ауыстырып тиелді, бұл 2025 жылғы көрсеткіштен 3%-ға артық. Оның ішінде есепті кезеңде аталған бағыт бойынша қазақстандық мұнай экспортының көлемі 863 мың тоннаны құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 24%-ға өсті.

«Каспий Құбыр Консорциумы-Қ» АҚ жүйесіне мұнай ауыстырып тиеу көлемі 3 млн 123 мың тоннаны құрады, бұл 2025 жылғы көрсеткіштен 39%-ға жоғары.

Ақтау портында «ҚазТрансОйл» АҚ қуаты арқылы танкерлерге мұнай құю көлемі 2 млн 384 мың тоннаны құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6%-ға артық. Оның ішінде «Баку – Тбилиси – Джейхан» бағыты бойынша ауыстырып тиеу көлемі 12%-ға өсіп, 1 млн 034 мың тоннаны құрады.

«Қазақстан-Қытай Құбыры» ЖШС мұнай құбырлары жүйесі арқылы 13 млн 121 мың тонна мұнай тасымалданды, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 2%-ға жоғары. Мұнайдың жүк айналымы 11 млрд 879 млн тонна-километрді құрап, өткен жылдың 8 айындағы нәтижемен салыстырғанда 3%-ға артты.

«СЗТК «МұнайТас» ЖШС мұнай құбыры бойынша мұнай тасымалдау көлемі 4 млн 302 мың тоннаны құрады, бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10%-ға артық. Мұнайдың жүк айналымы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8%-ға өсіп, 1 млрд 784 млн тонна-километрді құрады.

«Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ компаниялар тобы бойынша мұнайды, мұнай өнімдерін және газды ауыстырып тиеу көлемі 1 млн 251 мың тоннаны құрады. Бұл 2025 жылдың 8 айындағы көрсеткіштен 3%-ға жоғары.

«Магистральдық Су құбыры» ЖШС-нің «Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбыры арқылы Атырау және Маңғыстау облыстарының тұтынушыларына 16 млн 461 мың текше метр тұщы су жеткізілді.

«ҚазТрансОйл» АҚ – магистральдық мұнай құбырлары бойынша ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тобына кіреді. Ұзындығы 5,2 мың км магистральдық мұнай құбырларының әртараптандырылған желісіне ие, ұзындығы 5 мың км астам өзге ұйымдардың құбырларына қызмет көрсету бойынша операторлық қызметтер көрсетеді.

**«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы**